

**Үкіметтің, Ұлттық Банк пен Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009-2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін қаражаттың пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын жұмыс тобының қызметі туралы
№ 175 баспасөз-релизі**

2009 жылғы 22 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Президентінің «Ақ Орда» резиденциясында Үкіметтің, Ұлттық Банк пен Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009-2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін қаражаттың пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын жұмыс тобының (бұдан әрі – Жұмыс тобы) кезекті (он бірінші) отырысы болып өтті.

Жұмыс тобының отырысына Жұмыс тобының мүшелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты – «Нұр Отан» ХДП-ның еліміздің экономикасы мен қаржы жүйесін тұрақтандыруға бағытталған мемлекеттік жәрдемнің бөліну және пайдалану процесіне бақылау жасау жөніндегі партиялық комиссиясының басшысы Г.Д. Қарағұсова және Есеп комитетінің Төрағасы О.Н. Өксікбаев қатысты.

Отырыста Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің (бұдан әрі – ҚР ҰҚК) және Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясы) (бұдан әрі – Қаржы полициясы) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын мақсатсыз пайдалану фактілері бойынша қосымша тергеу тексерулері және қылмыстық істерді тергеу барысы туралы ақпараты тыңдалды.

Атап айтқанда, ҚР ҰҚК берген ақпаратына сәйкес ұлттық қауіпсіздік органдары Жұмыс тобының аясында Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жалпы сомасы 9 млрд. 475 млн. 510 мың. теңге болатын қаражатын қымқыру фактісі бойынша қозғалған қылмыстық істі тергеуді аяқтады. 101 млн. теңге сомасына анықталған заң бұзушылықтар бойынша қосымша тергеу іс-шаралары жүргізілуде. Жалпы сомасы 760 млн. млн. теңге болатын бірқатар анықталған фактілер бойынша істер Бас прокуратураға және Қаржы полициясына тапсырылды. Сонымен қатар, ҚР ҰҚК Жұмыс тобының отырысында Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры қаражатының мақсатсыз және заңсыз пайдаланылуының себептерін/алғышарттарын атады.

Қаржы полициясының ақпараты бойынша прокуратура органдары қылмыстық тұрғыда жазаланатын іс-әрекет белгілері бар фактілер бойынша қосымша тексеру жүргізу және іс жүргізу шешімін қабылдау үшін қаржы полициясы органдарына 21 материал жіберді. Қазіргі уақытта қаржы полициясы органдары келіп түскен материалдар бойынша жалпы сомасы 10,7 млн. теңге болатын заң бұзушылықтар бойынша 3 қылмыстық іс қозғады.

Сондай-ақ Жұмыс тобының отырысында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ мен «ҚазАгро» ҰХ» АҚ-ның Директорлар кеңесі жанындағы мониторинг, бақылау және талдау комитеттерінің қызметі туралы ақпараты тыңдалды.

Сонымен бірге, «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ мен «ҚазАгро» ҰХ» АҚ бөлінген қаражатты игеру барысы туралы ақпарат берді. Өзге ақпарат қатарында банктердің ипотекалық заемдарды қайта қаржыландыруға бағытталған қаражатты игеруді аяқтағаны, сондай-ақ индустриалдық, инновациялық және инфрақұрылымдық жобаларды қайта қаржыландыру жөніндегі іс-шараларды іске асырудың басталғаны туралы атап өтілді. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия қазіргі уақытта аталған бағыт бойынша жалпы сомасы 27 млрд. теңге болатын 3 жобаны қаржыландыруды мақұлдады (Тараз қаласындағы ферроқорытпалар зауыты, Ақтау халықаралық теңіз сауда порты, «Шымбұлақ» тау шаңғы курорты).

Сонымен қатар, Жұмыс тобының отырысында «Даму» КДҚ» АҚ-ның экономиканың шикізаттық емес салаларының жобаларын қолдау үшін «Даму-Қолдау» бағдарламасы аясында бөлінген 3 млрд. теңге қаражатты игеру бойынша жүргізіліп жатқан іс-шаралар туралы ақпараты тыңдалды.

Сонымен бірге, «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Алматы және Астана қалаларындағы жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылысын аяқтау жөніндегі іс-шараларды іске асыру барысы туралы ақпарат берді.

Алынған ақпаратқа сәйкес 18.09.09ж. жағдай бойынша іс жүзінде¹:

1) қаржы секторын тұрақтандыру бойынша

212,1 млрд. теңге – Үкіметтің БТА Банк» АҚ-ның саны 25 246 343 дана болатын жай атаулы акцияларын сатып алуына;

27 млрд. теңге – «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ-ның «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның саны 259 064 909 дана болатын жай атаулы акцияларын сатып алуына және **33** млрд. теңге – саны 196 232 499 дана болатын артықшылықты акцияларын сатып алуына.

36 млрд. теңге – «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ-ның «Қазкоммерцбанк» АҚ-ның саны 165 517 241 дана болатын жай атаулы акцияларын сатып алуына.

2) жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу бойынша

№.№	ЕДБ атауы	Жасалған шарттар (қосымша келесімдер) сомасы, млн. теңге
Ипотекалық заемдарды қайта қаржыландыру		
1.	«БТА Банк» АҚ	37 783,0
2.	«Қазкоммерцбанк» АҚ	24 000,0
3.	«АльянсБанкі» АҚ	10 901,0
4.	«Банк Центр Кредит» АҚ	4 373,0

¹ Револьверлік заемдардың есебінен және босатылған не меншікті қаражат есебінен қаржыландырудың есебінен игеру сомасы асады

5.	«АТФ Банк» АҚ	4 369,8
6.	«Еуразиялық Банк» АҚ	4 008,0
7.	«Темір Банк» АҚ	5 405,0
8.	«Kaspi Bank» АҚ	4 010,0
9.	«Цеснабанк» АҚ	4 092,0
10.	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	20 500,0
11.	«Нұрбанк» АҚ	732,5
	Жиынтығы	120 051,2
Алматы және Астана қалаларындағы жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылысын аяқтау		
1.	«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-ның жарғылық капиталын төлеу	15 000,0
2.	Құрылыс объектілері бойынша қалыптастырылған пул бойынша «Цеснабанк» АҚ-ға алдын ала/аванстық салым	104,8
3.	Құрылыс объектілері бойынша қалыптастырылған пул бойынша «Еуразиялық Банк» АҚ-ға банктік салым	19,1
4.	Алматы қ. «Ахселькент» ТҮК құрылысын аяқтау үшін «АльянсБанк» АҚ-ға депозит	16 500,0 (оның 6 195,0 игерілді)
5.	Мем. Комиссия бекіткен тізбеге сәйкес «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ арқылы құрылыс объектілерін қаржыландыру	12 350,0 (оның 11 095,0 игерілді)
	Жиынтығы	43 973,9
	Жиынтығы барлығы	164 025,1

3) шағын және орта бизнесті қолдау бойынша

№№	ЕДБ атауы	Жасалған шарттар (қосымша келесімдер) сомасы, млн. теңге	Оның ішінде жасалған қайта қаржыландыру шарттарының сомасы, млн. теңге
1.	«БТА Банк» АҚ	23 116,1	8 860,70
2.	«АльянсБанкі» АҚ	18 000,0	9 478,7
3.	«АТФ Банк» АҚ	10 000,7	6 003,7
4.	«Банк Центр Кредит» АҚ	10 000,0	6 144,9
5.	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	12 327,0	8 439,0
6.	«Сбербанк России» АҚ	6 003,8	2 773,5
7.	«Қазкоммерцбанк» АҚ	17 154,6	9 878,2
8.	«Цеснабанк» АҚ	3 300,0	2 066,4

9.	«Нұрбанк» АҚ	8 090,8	3 838,7
10.	«Kaspi Bank» АҚ	6 000,0	2 460,9
11.	«Еуразиялық Банк» АҚ	3 079,1	787,9
12.	«Банк Астана-Финанс» АҚ	3 064,2	335,1
	Жиынтығы	120 136,3	61 067,0

4) экономиканың нақты секторын кредиттеу бойынша (қайта қаржыландыру)

№№	ЕДБ атауы	Заемшылар саны	Қайта қаржыландыру сомасы, млн. теңге
1.	«Қазкоммерцбанк» АҚ	45	90 419,5
2.	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	27	68 905,7
	Жиынтығы	72	159 325,2

5) индустриалдық, инновациялық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру бойынша

№№	Заемшының/объектінің атауы	Сомасы, млн. теңге
1.	«Қазақстан Даму банкі» АҚ арқылы «Шымбұлақ» тау шаңғы курорты	784,4
	Жиынтығы	784,4

«ҚазАгро» ҰХ» АҚ-ның берген ақпаратына сәйкес агроөнеркәсіптік секторға қолдау көрсетуге бөлінген 120 млрд. теңгеден көктемгі егіс жұмыстарын жүргізу үшін ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілердің айналым капиталын толықтыру мақсатында 18.09.09ж. жағдай бойынша 68 777,2 млн. теңге игерілді. Сонымен қатар, 6 506,2 млн. теңге инвестициялық жобаларды іске асыруға, 13 849,4 млн. теңге АӨК² субъектілерінен бидай сатып алуға бағытталды – (жиынтығында игеру барлық бөлінген соманың 74,2 %-ын құрайды).

Осылайша, экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыруға бөлінген ақшаны игеру пайызы 6 бағыт бойынша 18.09.09ж. мынадай болды:

1. қаржы секторын тұрақтандыру бойынша – 92,7%;
2. жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу бойынша, оның ішінде:
 - ипотекалық заемдарды қайта қаржыландыру бойынша – 100%;
 - жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылысын аяқтау бойынша – 18,3%.
3. шағын және орта бизнесті қолдау бойынша – 102,7%;
4. экономиканың нақты секторын кредиттеу бойынша – 110,6%;
5. агроөнеркәсіптік кешенге қолдау көрсету бойынша – 74,7% ;
6. индустриалдық, инновациялық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру бойынша – 0,65%.

² Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия отырысының 06.05.09ж. № 17-5/И-333 хаттамасына сәйкес – бір тоннасы үшін 24 640 теңге бағасымен 1 млн. тонна.